

**Мурзагулова М.Д.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: miraulan70@gmail.com

## **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ**

Бұл мақалада болашақ мұғалімнің ынтымақтастық педагогикасының тәсілдеріне негізделген тұлғалық дамуы талқыланады. «Ынтымақтастық педагогикасы» пәні бойынша сабақтарды инновациялық оқыту әдістерімен өткізудің инновациялық тәжірибесі жинақталды, ынтымақтастық педагогикасының тәсілдерін қолдану теориясы мен практикасының ғылыми негіздері талданды. Оның негізіне білім берудің гуманистік теориялары, баланың жеке басының даму тұжырымдамасы, студенттердің креативті ойлауының даму теориясы, тұлғаның өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту теориялары кіреді. Ынтымақтастық педагогикасының негізгі қағидаларының бірі – студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың педагогикалық процесте шыңдалуы мен дамуы болып табылады. Тақырыптың теориялық негіздері өткен ғасырдың педагогикалық жаңашылдарының көзқарастарын да жинақтайды. Мақалада осы технологияның қазіргі жоғары білім беру тиімділігі туралы айтылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі «Ынтымақтастық педагогикасы» курсының тәжірибесі мен оқыту әдістемесі жинақталған. Мысал ретінде семинарларды талдау қарастырылған. Сауалнамаға «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарының студенттерінен – 47 студент қатысты. Олардың жауаптарына мазмұндық талдау жасалды. Жауаптар ынтымақтастық педагогтардың стилі бойынша үш топқа бөлінді. Жанама түрде, оқушылардың жауаптары болашақ мұғалімдердің мектептегі критериялды бағалау жүйесіне көшуге «дайындығы / дайын еместігін» көрсетеді. Қорытындылай келе, студенттер «ынтымақтастық қарым-қатынас стилін» таңдай отырып және «жеке тұлғаның мүмкіндігін құрметтеу», «жеке адамның мүмкіндігін түсінуді саналы түрде дамыту» қажеттілігі туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** ынтымақтастық педагогикасы, оқыту ұстанымдары, студент, тұлға, нәтиже, өзара түсіністік, бірлескен оқу, топтық жұмыс.

Murzagulova M.D.

Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: miraulan70@gmail.com

### **The Role of Pedagogy of Cooperation in The Development of Student Personality**

The article discusses the development of the personality of a future teacher based on the approaches of pedagogy of cooperation, summarizes the innovative experience of conducting classes in the discipline "Pedagogy of cooperation" with innovative teaching methods, analyzes the scientific foundations of the theory and practice of applying the approaches of pedagogy of cooperation. The foundations were humanistic theories of education, the concept of the development of a child's personality, the theory of the development of student creativity, the theory of self-awareness and self-development of a person. One of the main principles of pedagogy of cooperation is to take into account the individual characteristics of students, their identification and development in the pedagogical process. In the theoretical bases of the subject the approaches of pedagogical innovators of the last century were summarized. The article argues the effectiveness of this technology for the modern education. The experience and teaching methodology of the "Pedagogy of Cooperation" course at the Al-Farabi Kazakh National University is summarized. For example class sessions were analyzed. The survey involved 47 students of the specialties "Pedagogy and Psychology", "Social Pedagogy and Self-Cognition". A content analysis of their answers was carried out. The answers were divided into three groups of styles of collaboration between educators and students. Indirectly, students' answers show the "readiness / unavailability" of future teachers to switch to a criteria-based assessment system at school. In general, students choose a "style of cooperation with students" and talk about the need for "respecting the boundaries of the individual", "conscious development of an understanding of the boundaries of the individual".

**Key words:** friendly pedagogy, teaching principles, student, personality, result, mutual understanding, learning together, group work.

Мурзагулова М.Д.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: miraulan70@gmail.com

### Роль педагогики сотрудничества в развитии личности студента

В статье рассматривается развитие личности будущего педагога на основе подходов педагогики сотрудничества, обобщен инновационный опыт ведения занятий по дисциплине «Педагогика сотрудничества» с инновационными методами обучения, проанализированы научные основания теории и практики применения подходов педагогики сотрудничества. Основаниями стали гуманистические теории образования, концепции развития личности ребенка, теории развития креативности учащихся, теории самосознания и саморазвития личности. Одним из главных принципов педагогики сотрудничества является учет индивидуальных особенностей учащихся, их выявление и развитие в педагогическом процессе. В теоретических основах предмета также обобщены подходы педагогов-новаторов прошлого века. В статье аргументируется эффективность данной технологии для современного высшего образования. Обобщен опыт и методика преподавания курса «Педагогика сотрудничества» в КазНУ им. аль-Фараби. В качестве примера приводится анализ семинарских занятий. В опросе приняли участие студенты специальностей «Педагогика и психология», «Социальная педагогика и самопознание» – 47 студентов. Проведен контент-анализ их ответов. Ответы были разделены на три группы стилей сотрудничества педагогов. Косвенно ответы студентов показывают «готовность/неготовность» будущих учителей к переходу к системе критериального оценивания в школе. В целом, студенты выбирают «стиль сотрудничества с учащимися» и говорят о необходимости «соблюдения границ личности», «осознанного развития понимания границ личности».

**Ключевые слова:** Педагогика сотрудничества, принципы обучения, студент, личность, результат, взаимопонимание, совместное учение, групповая работа.

### Кіріспе

Қазіргі уақыттағы жоғары білім беру оқытудың инновациялық технологияларын, ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып тұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға және бүгінгі қоғамға қажетті білімді, кәсіби құзыретті, табысты, тәрбиелі мамандарды дайындауға бағытталады. Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде **өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету** қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту тиіс – деп көрсетті (Назарбаев, 2018) [1]. Осы ретте жоғары мектептегі кәсіби білім беруді студенттің өзін-өзі тануын, өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз ететін білім мазмұнымен ұштастырып, оқыту үдерісін өзара тығыз байланысты идеялар, ұғымдар және педагогикалық іс-әрекеттер жиынтығының ынтымақтастығында **қарастыру қажеттігі туындайды.**

Ынтымақтастық педагогикасы жаңа бағыт ретінде өткен ғасырда өте кең таралған педагогикалық технологиялардың **бірі бо-**

лып табылады. Сол дәуірдегі оқыту үдерісінде Н.К. Крупская, С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко, К.Д. Ушинский, Н.П. Пирагов, Л.Н. Толстой және петелдік Ж.Ж. Руссо, Я. Корчак, К. Роджерс, Э. Берн сияқты ғалымдардың еңбектерінде **білім мен тәжірибенің өзара байланысын күшейту мақсатында қолданылатын әдістерге ерекше мән берілді.** Аталған ғалымдар оқытуда бірлескен, ұжымдық іс-әрекеттің ынтымақтастық сипатын ашуды көздеді.

XX ғасырдың 80-жылдары педагогикада елеулі кезең болды. Мұнда мектептегі оқыту үдерісінің жаңа әдістемесі қалыптасып, сабақ барысында ұжым ішіндегі ынтымақтастық, шығармашылық жұмыстарға барынша назар аударылды. **Бұл кездегі ынтымақтастық педагогикасын дамытуға В.Ф. Шаталов, Н.П. Гужик, Ш.А. Амонашвили (1996), И.П. Волков, И.Т. Гончарова, Н.Ы. Палтышев, Е.Н. Ильин, С.Н. Лысенкова, Б.П. Никитин, В.А. Караковский және т.б. атсалысты.**

Жалпы орта білім беретін мектеп пен отбасының ынтымақтастық қызметі Г.К. Байделдинованың «Болашақ ұстаздарды отбасы мен мектептің ынтымақтастығын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-теориялық негізі» (Байдельдинова, 1998) [2], Қ.Т. Әтемованың «Оқушыларға гумандық қасиеттерді қалыптасты-

руда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы» (Өтемова, 1999) [3], Ш.М. Шүйіншинаның «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектептің бірлігінің педагогикалық шарттары» (Шүйіншина, 2008) [4] атты ғылыми-зерттеу еңбектерінде қарастырылып, ынтымақтастың әртүрлі аспектілерінде дәйектелген.

*Мақаланың мақсаты:* Ынтымақтастық педагогикасының студенттердің тұлғалық дамуына тигізетін ықпалын оқыту үдерісіндегі қазіргі технологиялар негізінде дәйектеп, нәтижелерін практикалық сабақтар арқылы тұжырымдау.

*Зерттеудің әдістері:* ғылыми әдебиеттерге педагогикалық тұрғыдан теориялық талдау жасау, семинар сабақтарының нәтижесін топтық жұмыстар, тест тапсырмалары арқылы анықтау.

### Әдебиеттің шолу

Ынтымақтастықта оқытуда оқушыларды жан-жақты дамыту, олардың бойындағы даралық қабілеттерді ояту, әр баланың өзіндік ерекшеліктерін есепке алу, мүмкіндіктерін ескеру сияқты ұстанымдарды басшылыққа алу әр баланың өзіне деген сенімін нығайтып, өзін-өзі табысты жүзеге асыруға жете-

лейді. Ынтымақтастық педагогикасы новатор мұғалім практиктердің әртүрлі пәндер бойынша мектептегі сабақтарының жаңашылдығымен сипатталды. Қазақстанда Қ. Нұрғалиев, Р.Б. Нұртазина, Р.Г. Лемберг, Қ. Айтқалиев, Қ.О. Бітібаева, Г.М. Кубраков және т.б жаңашыл ұстаздар оқытудың ынтымақтастық идеяларын өз еңбектерінде көрсете білді. Ынтымақтастық педагогикасының негізінде білім беру мен оқытудың гуманистік идеялары, адамгершілік сипаттары басым болады. Мұны ғалымдар А.А. Бейсенбаева, К.С. Құрманбай сынды ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Ынтымақтастық педагогикасының технология ретінде нақты бір құрылымы, әдістемелік негіздемесі айқындалып берілмейді. Бұл технология қазіргі оқыту үдерісіндегі барлық жаңа инновациялық технологиялармен ішінара байланысты қарастырылады, өйткені мұнда білім алушының жұптық, топтық қарым-қатынастағы жеке даралық қабілеттіліктері ғана емес, сонымен қатар оның топпен бірлесе жұмыс жасай алу құзыреттіліктері де маңызды деп танылады.

Төмендегі кестеде ғалымдардың «Ынтымақтастық педагогикасы» және «ынтымақтастық» ұғымдарына берілген анықтамалары көрсетіледі (1-кесте).

1-кесте – «Ынтымақтастық педагогикасы» және «ынтымақтастық» ұғымдарына берілген анықтамалары

Авторлар	Ұқсастық белгілері	Анықтамалары
Г.К. Селевко	Ынтымақтастық, балалар мен үлкендердің өзара бірлескен қызметі	Үлкендер мен балаларды бір-бірінің рухани әлеміне апаратын, өзара түсіністікке құрылған өзара даму іс-әрекеті (Селевко, 2006). [5]
Г.М. Коджаспирова	Гуманизм	Ынтымақтастық педагогикасының негізгі ережелері мәжбүрлемей оқыту, еркін таңдау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау арқылы сыныпта тұлғалық дамудың жоғары интеллектуалдық көрінісін беру (Коджаспирова, 2005) [6]
Г.А. Андреева, Г.С. Вяликова, И.А. Тютикова	Шығармашылық	Оқушыларды мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық жұмыстары арқылы оқыту үдерісіне тартатын педагогикалық тұжырымдама. (Андреева, 2005) [7]
Л.С. Выготский	Тұлғаның дамуы	Ынтымақтастықта бала біреудің көмегі арқылы қиын тапсырмаларды орындай алады. Ол мұнда күшті, ақылды болып көрінеді (Выготский, 1982). [8]
Н.А. Жокина	Өзін-өзі дамыту	Ынтымақтастық субъектілердің өзін-өзі дамытуына бағдарланған когнитивті, мінез-құлықтық, аксиологиялық іс-әрекеттерінің жиынтығы (Жокина, 1996). [9]

Бұл ғалымдардың пікірлерінше, адам тұтас педагогикалық үдерістің құндылығы және субъектісі, партнерлік қарым-қатынастар, гуманизм, тұлғаның дамуы, шығармашылық сияқты ұғымдар ынтымақтастық педагогикасының негізгі белгілері болып табылады.

XX ғасырдың 80-жылдарындағы ынтымақтастық педагогикасының тұжырымдамалары қазіргі ынтымақтастық педагогикасының негізін сала отырып, оның импульстік дамуына бағдар болатынын мына кесте арқылы көрсетуге болады (2-кесте).

**2-кесте** – ынтымақтастық педагогикасының тұжырымдамалық тұғырлары және негізгі ұстанымдары

Ұстанымдары	Гуманистік бағыттылық, кәсіби құзыреттілік, ынтымақтастық, шығармашылық, интеграциялық, сабақтастық, үздіксіздік
Іс- әрекетті ұйымдастыру тұрғылары	Антропологиялық, жүйелілік-тұтастық, тұлғалық-бағыттылық, субъектілік іс-әрекеттік, жартылай субъектілік, диалогтік, педагогтің өздігінен білім алуы, кәсіби-педагогикалық жетілу

Ғалым Л.К. Гребенкина білім беру мекемелерінде ынтымақтастық педагогикасының идеяларын ұтымды қолдану болашақ мұғалімдерді дайындауда субъектілердің өзара іс-әрекетінің: «мұғалім – оқушы» «оқушы – педагог», «оқушы – оқушы», «оқушы – шағын топ», «оқушы – ұжым», «оқушы – тәрбиеші», «оқушы – ата-ана», «педагог – педагог», «педагог – тәрбиеші», «педагог – ата-ана», «тәрбиеші – тәрбиеші», «тәрбиеші – ұжым», «ата-ана – ұжым» сияқты деңгейлерін атап көрсетеді (Гребенкина, 2010). [10].

Жоғары кәсіби білім беруде студенттердің ішкі мүмкіндіктері мен қабілеттерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және олардың болашақ мұғалім ретіндегі кәсіби дайындығын ескере отырып оқыту ынтымақтастық педагогикасының мынадай ұстанымдарына негізделеді:

- Тұлғаның өзіндік «Менін» бағалау, оны бар болмысымен қабылдау;
- Оқушының ішкі жан дүниесін, қажеттіліктерін эмпатикалық түсіну;
- Оқушылармен ашық, өзара сенімділік қарым-қатынас орнату.

Тұтас педагогикалық үдерісте ынтымақтастық педагогикасы субъектілердің арасында ортақ мақсаттың болуы, өзара бірлескен оқу әрекетін ұйымдастыру, тұлғааралық қатынасты орнату, өзара ынтымақтастықты сақтау сияқты ұстанымдарды басшылыққа алуы керек.

Қарым-қатынас жүйесі ретінде ынтымақтастық көпаспектілі болғанымен: маңызды орын «мұғалім – оқушы» қатынасына беріледі. Дәстүрлі оқыту мен тәрбиеде мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы «субъект – объект» түріне негізделсе, ынтымақтастық технология-

ларында бұл жағдай оқушының оқу мен тәрбие үрдісінің субъектісі болуымен түсіндіріледі. Сондықтан тұтас педагогикалық үдерісте екі субъект бірлесіп әрекет етуі керек, сонда оның нәтижелік сипаты арта түседі.

Баламен ізгілікті қарым-қатынас жасау ынтымақтастық педагогикасының негізгі талабы болғандықтан қазіргі оқыту үдерісінде оқушының өзіндік «Менін» құрметтеу, бала бойындағы кемшіліктерге төзімділік таныту, оның бойындағы гуманды қасиеттерді бағалай білу, балаға сенім арту, оны әрдайым ынталандыру педагогтің ынтымақтастықта жұмыс істей алуына байланысты. Ол үшін семинар кезінде өзара қарым-қатынасты демократияландырудың мынадай талаптарын сақтау керек:

- Бала құқығы туралы Конвенцияны сақтау;
- оқушы мен мұғалімді құқықтық жағынан теңестіру;
- баланың таңдау еркіндігі;
- қателік жасауға құқылы;
- өзіндік көзқарасына құқылығын ескеру;
- баланың қызығушылығын тудыру;
- мәжбүрлеуді ниеттілікпен алмастыру.
- баланың өз бетінше әрекет етуіне жағдай жасау.

Бұл айтылғандар ынтымақтастық педагогикасы негізінде тұлғаның «Мен – тұжырымдамасын» қалыптастыруға ықпал етеді. Мен – тұжырымдамасы – бұл жеке тұлғаның өзін тану туралы жағымды ойлау жүйесі (Попова, 2018).

Ғылыми теорияларға сүйенетін болсақ, ынтымақтастық педагогикасы мынадай жіктемеден тұрады:

- 1) қолданылу деңгейі бойынша: жалпыпедагогикалық технология;

- 2) философиялық тұрғыда: гуманистік;
- 3) дамудың негізгі факторы бойынша: био-элеуметтік және кешенді;
- 4) меңгеру сатысы бойынша: ассоциативті-рефлекторлық, кезеңдік интериоризациялық;
- 5) тұлғалық құрылымдық бағыты бойынша: жан-жақты үйлесімді;
- 6) мазмұнына қарай: білім беру, оқыту, тәрбиелеу, гуманды, жалпыбілімдік;
- 7) басқару типіне қарай: шағын топтар жүйесі;
- 8) ұйымдастыру түрі: академиялық, клубтық, жеке, топтық;
- 9) қатынас тұрғысынан: ізгілікті – тұлғалық, субъект – субъектілік;
- 10) әдістемесі бойынша: проблемалық-ізденушілік, шығармашылық, диалогтік, ойындық;
- 11) білім алушылардың категориясына қарай: жаппай.

Демек, ынтымақтастық педагогикасын әртүрлі топтардың рухани-адамгершілік мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі деп те түсіндіруімізге болады. Ынтымақтастық педагогикасында баланы жақын даму аймағында оқыту; қысымсыз оқыту; тірек сызба түрінде орналасқан белгілердің, кілтті сөздердің жиынтығы; күрделі блоктар; таңдау еркіндігі; диалогтық ойлау; мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен қызметі; бос уақыттағы еріктілік тәрізді идеялардың маңызы өте жоғары. Ынтымақтастық қарым-қатынас жүйесі ретінде көп аспектілі; бірақ онда маңызды орынды «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы алады. Ынтымақтастық қызметі оқушы мен мұғалімнің тепе-теңдік жағдайында дамиды. Мұнда оқушы өзінің оқу қызметінің субъектісі болып табылады.

Осы ретте ізгілік педагогикасының көрнекті өкілі, ынтымақтастық педагогикасының негізін салушылардың бірі, академик Ш.А. Амонашвилидің педагогикалық еңбектеріндегі ынтымақтастық идеяларының мәні зор деп айта аламыз (Амонашвили, 2018). Ш.А. Амонашвилидің ынтымақтастыққа құрылған ізгілік педагогикасында баланың жүрегіне жылылық ұялату; дүниетанымдық көзқарасын дамыту; сабақта алған білімін тереңдетуге жағдай жасау; рухани жетілдіру сияқты мәселелер орын алып, әр балаға ерекше қамқорлық жасалады. Сандық бағалаудың орнына мінездеме беру, өзіндік қорытынды жасау, өз ісін бағалау тәрізді сапалық бағалау қолданылып, оқушының жан-жақты дамуына мән беріледі.

Ш.А. Амонашвили балалардың еңбегін олардың істерінің нәтижелерімен бағалайды. Өздерінің жазған әңгімелерін, ойларын, салған суреттерін жинақтау үшін Ш.А. Амонашвили әр оқушыға арнайы дәптер бастатады. Балалар өз жетістіктерін ата-аналарына көрсетіп, олардан қолдау алып, ынтымақтастыққа түседі. Ол мәтіннің қатесін тапқызу әдісін қолданады, өзі қате жіберіп балаларға түзеттіреді. Ізгілікті ұстаз балалардан өз сабағының ұнаған, ұнамағанын, жақсы етіп қалай өткізуге болатынын сұрап, олардың пікірімен санасып отырады. Бұл әдісті қазіргі уақытта барлық мұғалімдер өз сабақтарында кері байланыс түрінде қолданады. Суретке қарап әңгіме жазу, оқушыларға математикалық есептер құрастыртып, оны басқаларына шығарту, қиын және оңай есептерді оқушылардың өздеріне таңдату тәсілдерін қолдана отырып, Ш.А. Амонашвили балалармен ынтымақтастықта әрекет етеді. [11].

Жалпы орта білім беретін мектептердегі және ЖОО «Өзін-өзі тану» пәнінің сабақтарының Ш.А. Амонашвилидің ізгілік педагогикасына құрылғандығын біз әр сабақта қолданылатын ынтымақтастық технологиялары арқылы дәйектеп айта аламыз.

### Нәтижелер және талқылау

Ал «5В010300-Педагогика және психология» мамандығында оқытылатын (ҮР3507) «Ынтымақтастық педагогикасы» оқу курсына студенттер болашақ маман ретінде педагогикалық ынтымақтастық негізінде педагогикалық өзара әрекет әдістерін қолдана алу; топтық жобалар жүйесін және стратегиялар мен тәжірибелерді өңдеу үшін кәсіби дағдыларын дамытуға дайындық пен ынта білдіру; элеуметтік өзара дағдыларын иелену: ынтымақтастық, төзімділік пен құрмет көрсету; сабақ барысында өзбетінше іс-әрекет ете алу, өз көзқарасын дәлелдеу; ынтымақтастыққа дайындық, ұжымда жұмыс жасай алу, бірлескен және өзбетінше шешім қабылдай алу сияқты құзыреттіліктерді қалыптастыра отырып, кәсіби білім алуға дағдыланады. Аталған оқу пәнінің семинар сабақтарында студенттер ынтымақтастыққа құрылған тапсырмалар, шығармашылық жұмыстарды орындап, тренингтер өткізу арқылы топтық, жұптық іс-әрекетті жүзеге асырады. Мысалы: «Ынтымақтастық педагогикасының көрнекті өкілдері» атты семинар сабағын өткізудің төмендегідей технологиялық картасын

дайындаудың нәтижелік сипаты мол. Кез келген сабақтың нәтижесі ең бірінші кезекте оның мақсаты мен міндетін айқындаудан басталатыны баршамызға мәлім.

Семинардың мақсаты мен міндеттері:

– *Білімділік:* студенттердің педагогикалық ынтымақтастықтың теориялары туралы білімдерін қалыптастыру, тақырып бойынша өз ойын дәлелдеп айта алуға дағдыландыру, танымдық белсенділіктерін дамыту.

– *Тәрбиелік:* студенттерді топта ынтымақтастықпен жұмыс істеу арқылы белсенділікке, ізгілікке ізденімпаздыққа тәрбиелеу, таңдаған мамандықтарына деген қызығушылықтарын кеңейту, ғылыми дүниетанымын, көзқарастары мен сенімін қалыптастыру.

– *Дамытушылық:* студенттердің сөйлеу мәдениетін, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, теориялық білім мен тәжірибені ұштастыруға дағдыландыру, ойға шабуыл арқылы жылдам әрі сыни тұрғыдан ойлай алу қабілеттіліктерін дамыту.

– *Ғылыми:* талдау дағдыландыру, педагогикалық ғылыми тілдің қалыптасуы.

Семинар сабағының тақырыбын ашу мақсатында педагогикалық өзара әрекет әдістеріне сәйкес студенттер топқа бөлінеді. «Тілек айту» немесе «Жақсы сөз» әдістері арқылы студенттер бір-біріне жақсы сөздер, тілектер айтып шығады.

«Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл» әдісі бойынша «Кубизм» стратегиясын пайдаланып, әр топқа тақырып мазмұнын ашу үшін мынадай түсіндірме сұрақтары беріледі:

*1 топ:* Ынтымақтастық педагогикасының пәні, негізгі категориялары мен міндеттері

*2 топ:* Ынтымақтастық педагогикасының көрнекті өкілдері

*3 топ:* Ынтымақтастық педагогикасындағы негізгі идеялар

Тапсырманы орындауда Ш.А. Амонашвили, В.Ф. Шаталов, С.Н. Лысенкова, Қ.О. Бітібаева немесе басқа да ынтымақтастық педагогикасының көрнекті өкілдерінің іс-тәжірибесін басшылыққа алу ұсынылады.

Әр топ өз жұмысын постермен қорғай отырып, семинар сабағының тақырыбын ашуға ұмтылады. Постермен жұмысқа (жалпы) 20 минут, әр топқа жариялауға – 5 минуттан, ойларын қорытындылауға – 3 минут уақыт беріледі.

Сабақтың келесі кезеңінде студенттерге мынадай педагогикалық жағдаяттардың шешімін табу тапсырылады: Орындауға 10 минут беріледі.

1. Жоғары сынып оқушысының мамандық таңдау барысында ата-анасымен бір ойда болмауының себебінен баланың оқу үлгерімі төмендеп кетеді. Әлеуметтік педагог ретінде сіздің іс-әрекетіңіз?

2. Ата-ана баласының тәртібіне байланысты мектеп ұжымын, сынып жетекшісін кінәлі деп санайды. Осы мәселені қалай шешер едіңіздер?

3. Білімі жоғары жас маманның өзіне сенімсіздігі және оқушылар тарапынан көрсетілген қысым оның жұмыс жасауына кедергі келтіреді. Мектеп басшысы ретінде не істер едіңіз?

Ынтымақтастық педагогикасы «ынтымақтастықты» бірлескен әрекет деп саналатындықтан топтық жұмыста:

1) ортақ мақсаттың болуы;

2) әрекетті ұйымдастыру және басқару;

3) қызметті, әрекетті, жолдарын бөлу;

4) тұлғааралық қатынастың болуына назар аударылады.

Ынтымақтастық педагогикасы тұлғаның «Мен – тұжырымдамасын» қалыптастыруға ықпал ете отырып, студенттердің өзін-өзі тану туралы жағымды ойларын дамытуға негізделеді. Мұнда ең алдымен әр студенттің бойынан дамушы тұлғаны көре білу, оған деген құрмет, ізгі қатынас орнату; тұлға дамуы үшін жағымды жағдай мен орта жасау; оларды педагогикалық қолдау; психологиялық сүйемелдеу; әр ісін мақұлдап, мадақтау; тұлға бойындағы кемшіліктерді айқындап, себебін анықтау, оларды студенттің ар-намысына, кәсіби тұлғасына нұсқан келтірмей жоя білуге назар аударылуы тиіс. Бұл айтылғандардың практикалық сабақтарда, дәрістерде, студенттердің СӨЖ жұмыстарының мазмұнында көрініс алуы ынтымақтастық идеяларының өміршеңдігін айқындайды. Сол үшін әр сабақтың соңында топтық жұмыстарды қорғаудан соң оқытушы тест сұрақтары арқылы семинар сабағының тақырыбын бекітеді, тест сұрақтары әр студентке жеке парақшамен таратылады және оның нәтижесі бағаланады.

Келесі кезеңде студенттер жұптық тапсырма орындайды. Мұнда «Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі қолданылады. Студенттер тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден тұруы тиіс. Мысалы: *Ынтымақтастық* – бұл балалар мен үлкендердің бір-бірінің рухани өміріне өзара түсіністікпен, ұғынушылықпен, осы әрекеттің барысы мен нәтижесін ұжымдық талдаумен

бекітілген, бірлескен дамытушы іс-әрекетінің гуманистік идеясы. Сабақ соңында кері байланыс орнату үшін студенттер INSERT әдісі негізінде жеке жұмыс жасайды.

Студенттердің білімін бағалау жиынтық бағалау арқылы жүреді.

Семинар сабақтарында ынтымақтастық педагогикасының «оқытушы-студент» өзара әрекеттестігіндегі маңыздылығын, «оң» және «теріс» жақтарын анықтау мақсатында «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 және 3 студентімен жүргізілген сауалнамаға 47 студент қатысты. Олардың жауаптарын кестедегі нұсқаларға сәйкес жинақтап беріп отырымыз.

1-нұсқаның жауабын 20-студент, 2 нұсқаның жауабын – 16, 3 нұсқаның жауабын – 11 студент таңдап, өз ойларымен сәйкестігін көрсетті (4-кесте).

Бұл сауалнаманың нәтижесінде студенттер өз ойларымен бөлісіп, болашақ маман ретінде қандай оқыту әдістерінің тиімді екендігін болжай алды. Сауалнама барысында ынтымақтастық педагогикасының студенттердің өз бетімен оқуына, ешкімнің көмегінен өз бетінше ойланып шешім қабылдауға дағдыланып, өз ойларын тұжырымды жинақтап, дерекпен сөйлеуге көмектесетіндігі анықталды.

### 3-кесте – INSERT әдісі

V бұрыннан білемін	+	-	?
	жаңа ақпарат	менің ойыма қайшы	білгім келеді, ойлану керек

### 4-кесте – Сауалнаманың нәтижесі

№	Қойылған сұрақтар	1 нұсқа	2 нұсқа	3 нұсқа
1	Оқу, білім алу барысында оқытушыдан қандай әрекеттерді күтесіз және оның қалай болғанын қалайсыз?	Сабаққа байланысты қойған сұрақтарына жауап бере алса деймін. Сондай-ақ, аталған технологияның практикада қолданылуын және пәннің басқа салалармен байланысын көрсете алса.	Сабақты нақты, студенттерге түсінікті, өмірден мысалдар арқылы түсіндіруі, слайд арқылы сабақты көркемдеуі.	Жалпы оқуда ең бастысы оқытушы өз пәнін жоғары дәрежеде білсе деймін, сол білімін ашық түрде жеткізе алса.
2	Сабақ барысында оқытушы мен достық қарым-қатынас орнату мүмкін деп ойлайсыз ба?	Менің ойымша, оқытушы өз студенттерімен жақсы қарым-қатынаста болуы керек. Алайда, арадағы шекара сақталуы жөн деген ұстанымдамын.	Болады. Бірақ ол сабаққа ешқандай кедергі келтірмеуі керек. Оқытушы оқытушы міндетін, студент өз орнын білуі қажет.	Ия, достық қарым-қатынас болады. Бірақ ол сабаққа ешқандай кедергі келтірмеу керек.
3	Мәселені меңгеру барысында өз ой түйіндеріңізді оқытушымен бөлісуге және бұрынғы қалыптасқан көзқарасқа сын айтуды қалай қабылдайсыз?	Егер де пікірталас кезінде студент пен оқытушының көзқарастары сай келмей жатса, студент неліктен сол позицияны ұстанатынын дәлелдеуі ғана керек деп санаймын. Оқытушыға сын айту дұрыс емес деген ойдамын.	Дұрыс қараймын. Әр студент өз пікірін айтуға толықтай құқылы деп санаймын.	Менің ойымша онда тұрған ештеңе жоқ. Мен үшін ол жеке ойыммен бөлісу.

№	Қойылған сұрақтар	1 нұсқа	2 нұсқа	3 нұсқа
4	Сізге оқытушы тарапынан сын айтылған әрекетті дұрыс деп қабылдайсыз ба?	Ия, егер де ол конструктивті болса және жұмсақ жеткізілсе, әрине. Оқытушы тарапынан айтылған дұрыс ескертулер оқушының өсуі мен түзу бағытта қалыптасуына септігін тигізеді.	Менің ойымша айтылған сынға байланысты немесе туындаған мәселеге байланысты.	Айтылған сын «дұрыс» болса дұрыс қабылдай аламын.
5	Білім беру үдерісінде қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы қолданылады, ал енді Сіз күрделіден қарапайымға өту үдерісі жөнінде не айтасыз?	Мен қарапайымнан күрделіге қарай оқыту үдерісін қолдаймын.	Мен күрделіден қарапайымды қолдаймын. Себебі күрделіні үйренсең, одан кейін қарай бәрі оңай болады, ақпаратты тез меңгеруге көмегі бар.	Өз-өзінді тәрбиелеу барысында жүзеге асады. Мен қарапайымнан күрделіге қарай оқыту үдерісін құптаймын
6	Я. Коменский, Сухомлинский, А. Макаренко, Ш. Амонашвили, В. Шаталов, С. Лысенкова және т.б. ынтымақтастық педагогикасының көрнекті өкілдері болып табылады, осы тізімге тағы қандай тұлғаларды қосар едіңіз?	Хәлел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов.	Пирогов Н.П., Крупская Н.К., Шацкий С.Т.	Пирогов Н.П.
7	Қазақ ғалымдарынан кімдерді ынтымақтастық педагогикасы өкіліне жатқызар едіңіз?	Қараев Ж., Шүйіншина Ш.	Таубаева Ш.Т.	Таубаева Ш.Т.
8	Жалпы ынтымақтастық педагогикасы дегенде нені елестетесіз?	Адамға, қоршаған ортаға сүйіспеншілік, студентке мүмкіндік беру және сену.	Студенттің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеру, тәрбие үрдісінде оларды есепке алу.	Ізгілікті көзқарас, студент мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сену, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін түсіну.
9	Дәстүрлі педагогика мен ынтымақтастық педагогиканы салыстыра аласыз ба?	Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. Ұнтымақтастық педагогикасының біртұтас технология ретінде нақты құрылымы, нормативтік-орындаушылық нұсқаулығы жоқ.	Айырмашылық көп, себебі қоғам талабы мен ақпараттық технология заманы ынтымақтаса отырып мақсатқа жетуді көздейді.	Ұнтымақтастық арқылы айқын мақсатқа жете алады.
10	Бүгінгі күнгі педагогика ғылымының дамуына қандай ой қосар едіңіз?	Тұлғаның қалыптасу және дамуын зерттеу және қамтамасыз етуде пәнаралық қатынасқа бағдарлану; - Тұлғаның өмір сүру деңгейі мен әлеуметтендірудің барлық құрылымдық компоненттерін мазмұндық тұрғыдан қарастыру.	Адамды жоғары әлеуметтік құндылық ретінде тану; - Адамды қоғамдық дамудың мақсаты ретінде мойындау; - Адамды әлеуметтік-педагогикалық жобалар мен технологияларды бағалаудың жоғарғы критерийі ретінде тани алу.	Жүйелілік қатынас негізінде әлеуметтік-педагогикалық технологияларды жасау.



## Қорытынды

Қорыта айтқанда, ынтымақтастық педагогикасы оқытушы мен студенттің бірлескен жұмысына бағытталған, субъектілердің міндеттері ортақ және тең құқылы болып табылатын, таңдау және қателесу құқығына ие, та-

быстылықты көрсететін тұтас педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбиелеудің гуманистік бағыттарының бірі болып табылады. Мұнда оқыту мен тәрбиелеу оқытушы мен студенттің арасындағы жағымды қарым-қатынасқа құрылып, әлеуметтік белсенді шығармашыл тұлғаның дамуын жүзеге асыруды нысана тұтады.

## Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. – 2018 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2018.
- 2 Байдельдинова Г.К. Научно-теоретические основы подготовки будущих учителей для организации взаимодействия школы и семьи. – Алматы: Ғылым, 1998. – 81 с.
- 3 Әтемова Қ.Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы: п.ғ.к. дисс. – Алматы, 1999. – 127 б.
- 4 Шүйіншина Ш.М. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектептің бірлігінің педагогикалық шарттары: п.ғ.к. дисс. – Астана, 2008. – 170 б.
- 5 Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 2 т. – М.: НИИ школьных технологий, 2006. – 816 с.
- 6 Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. // Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. – 2-е.изд. – М: Изд. Центр «Академия», 2005. – 176 с.
- 7 Андреева Г.А. Краткий педагогический словарь: учебно-справочное пособие / Г.А. Андреева. – М., 2005. – 181 с.
- 8 Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 2 т. – М., 1982.
- 9 Жокина Н.А. Педагогические основы сотрудничества взрослых и подростков в детских общественных самодеятельных объединениях: автореф. дисс.канд. пед.наук. – Киров: РГПУ, 1996. – 22 с.
- 10 Гребенкина Л.К., Копылова Н.А. Педагогика сотрудничества: вчера, сегодня, завтра (теория, опыт): монография / Ряз. гос. ун-т им. С.А. Есенина. – 2-е изд. – Рязань, 2010. – 220 с
- 11 Амоношвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М., 1996.
- 12 Попова Т.И., Попов А.С. Педагогика сотрудничества как условие психологически безопасной среды //Наука и Образование. – 2018. – №. 3-4.

## References

- 1 Nazarbayev, N.A. (2018). Tortinshi onerkasiptik revolyuciya jagdayındaǵı damwdın jana mumkindikteri [New opportunities for the development of the Fourth Industrial Revolution]. Message to the people of Kazakhstan, 2018. Astana, Akorda.
- 2 Baileldinova, G.K. (1998). Nauchno-teoreticheskie osnovy podgotovki budushih uchiteley dlya organizacii vzaymodeystviya şkolı i semii [Theoretical bases for the organization of the training of the future teachers and students of the school]. Almaty: Science, 81. (In Russian)
- 3 Atemova, K.T. (1999). Oqushılarda gumandıq kazhetterdi kalyptastıruda mektep pen otbasın birlesken jumısı [Joint work of school and family in forming human qualities in pupils]. Ph.D. diss. Almaty, 127. (In Kazakh)
- 4 Shyuninshina, Sh.M. (2008). Oqushılardıń bilim sapasın arttırudadı otbası men mekteptin birliginin pedagogikalık shartları [Pedagogical conditions of family and school unity in improving the quality of education]: Candidate of Pedagogical Sciences. diss. Astana, 170. (In Kazakh)
- 5 Selevko, G.K. (2006). Entsiklopediya obrazovatel'nykh tekhnologii [Encyclopedia of educational technologies]: в 2т. – Moscow, Research Institute of School Technology, 816.
- 6 Kojaspirova, G.M. (2005). Pedagogicheskiy slovar' dlya studentov vysshikh i srednikh pedagogicheskikh uchebnykh zavedenii [Pedagogical dictionary for students of higher and secondary pedagogical educational institutions]. Moscow, Search. Center «Academy», 176.
- 7 Andreeva, G.E. (2005). Brief pedagogical dictionary [Crazy pedagogical dictionary]. Moscow, 181.
- 8 Vygotsky, L.S. (1982). [Collected Works: in 2 vols.]. Moscow.
- 9 Zhokina, N.A. (1996). Pedagogicheskiye osnovy sotrudnichestva vzroslykh i podrostkov v detskikh obshchestvennykh samodeyatel'nykh ob'yedineniyakh [Pedagogical foundations of cooperation between adults and adolescents in children's public amateur associations: disc .doc]. Kirov: RGPU, 22.
- 10 Grebenkina, L.K., Kopylova, N.A. (2010). Pedagogika sotrudnichestva: vchera, segodnya, zavtra (teoriya, opyt) : monografiya [Pedagogy of cooperation: yesterday, today, tomorrow (theory, experience): monograph]. Ryazan, 220.
- 11 Amonoshvili, Sh.(1996). Razmyshleniya o gumannoy pedagogike [Reflections on humane pedagogy]. Moscow.
- 12 Popova T. I., Popov A. S.(2018). Pedagogika sotrudnichestva kak usloviye psikhologicheskii bezopasnoy sredy [PEDAGOGY OF COOPERATION AS A CONDITION OF A PSYCHOLOGICALLY SAFE ENVIRONMENT]. Nauka i Obrazovaniye [Science & Education]. 3-4.